

ТӘУЕЛСІЗДІК – АЙБЫНЫМ, АРЫМ МЕНІҢ!

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Ата-бабаларым аңсаған тәуелсіздік атты тәу бесікті тербеткелі отыз жыл өте шықты. Тәуелсіздікке жету қазақ халқы үшін оңай болған жоқ. Ұшы қиырына көз жетпейтін кең даламның аумағына, жеріне тұнған байлыққа қызыққан, байтақ даламның тұтастығына көз тіккен жаулары қай ғасырда да аз болған жоқ. Бабаларымның ақ найзаның күшімен мұраға қалдырған осынау жазира даласының тоз-тозын шығарып, туған жерінен қазақ халқын қудалап, келімсектерге құнарлы жерін бөліп берген дұшпандарымыз да болды. Ұлы қазақ даласы үш жүз жыл бодандықтың бұғауында, жетпіс жыл кеңес үкіметінің шырғауында болды. Осының бәрін ел болып еңсеріп, ұлт болып ұйысып, өз туған жерімізде тәуелсіздіктің тәтті жемісін жеп, тәуелсіздіктің аралы таңын атырып отырмыз.

Қаншама жылдар бойы ажырап қалған салт-дәстүрімізді жаңғыртып, өркениетке бой түзеп, басқа елдермен тереземізді теңестіріп, рухани болмысымызды байыттық. Тәуелсіздікке біз қалай жеттік? Қазақ ар-ожданын бәрінен биік санайтын өр халық. Намысын қолдан бермейтін, жауласқанды найзаға қадайтын батыр халық. Толарсақтан саз кешіп, «егеулі найза қолға алып, қара бала қамы үшін, аттың үстінен түспей, толағай жыр жазып, нәлет жаулармен күрескен, қасық қаны қалғанша, патша үкіметімен алысқан Махамбет, Исатай, Кенесары, Наурызбай батырларын туған халықпыз. Ал осы батырларды үлгі санап өскен, бойларын намыс пен жігер билеген, қазақ халқының есесін сұрап, Алматы қаласының Тәуелсіздік алаңына атойлап шығып, мерт болған батырларымыз, Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сабира Мұхамеджанова ерліктеріне күә болдық. Тәуелсіздік-ондаған, жүздеген, қыршын кеткен, атаусыз қалған боздақтардың қанымен келген жеңіс. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қазақ халқының тәуелсіздік үшін ең соңғы күресі еді. 1991 жылы ел тәуелсіздігін алған күннен бастап, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың түрлі саясатының, көрегендігінің арқасында көк туымыздың астында көп ұлтты мемлекет болып, тату өмір сүріп келеміз. Отыз жыл ішінде еліміз өз шекарасын бекітіп, рәміздерін асқақтатып, алпауыт елдермен қарым-қатынасын нақтылап, терезесі тең, керегесі кең ел болды. Осы жолдарды жүріп өту барысында еліміз қаншама қиындықтар мен қатар, қуаныштарды бастан өткерді. Мәдениет пен экономика, сауда-

саттық дамыды. Әсіресе, атап өтетін жайт, Елбасымыздың ұлттың денсаулығы мен қауіпсіздігін бірінші орынға қойып, ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қоюы еді. Осы іс ауырлығы мен қайғысы мол зұлматты біржола тоқтатты.

1997 жылдың 20 қазанында Қазақстанның жаңа астанасы, Ақмола қаласы болғанын ресми түрде жарияланды. 1998 жылы Елордамыз Ақмолаға Астана аты берілді. Жаңа астанамыз еліміздің бас қаласы атанып гүлденіп, дамыды.

Осы жылдар аралығында елімізде талай игілікті іс-шаралар жүзеге асырылды. Алайда, қазақ тілінің әлі де босағадан сығалап жүргені көңіл көншітпейді. Бабаларымыздан саф алтындай жарқырап жеткен, көне жәдігер тіліміздің болашағы кемел болса екен. Қазақ халқы өз тілін құрметтеп, ең қымбаты ретінде бағалап, төрге шығарса екен. Өз тілін, өз ұлтын сүймеген адам басқа ұлтты да сүйіп жарытпайды. Алаш ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – дегендей, тіл – халықтың ділі, жан дүниесі. Тіл – ұлттың дінін, мәдениетін, болмысын, тарихын, өркениетін көрсететін құрал. Тіл жайлы қатты толғанамын, сондықтан болар өзегімді жарып шыққан өлеңіммен бөліскім келеді.

«АНА ТІЛІМ, СЕМСЕРҮНІМ!

*Ғасырлардан саф алтындай жеткенсің,
Ғұмырыма сәуле сепкен бір сенсің.*

*Ғашық болсам сен арқылы тіл қатам,
Ғылым нәрін сусындатқан бір сенсің.*

*Азаттықтың көк туын желбіреткен,
Желтоқсан көшесін дүбірлеткен.*

*Анамның әлди үнімен тербетілгем,
Ар-намыстың әліппесін сенен тергем.*

*Әз ағалар сені жырлап кеткенді,
Сол бір жолда қиындықты шеккенді.*

Әуелетіп тұғырыңнан биікке,

Самғатып - ақ қанатыңды өткенді.

Бабамнан асыл мұра сен қалдың,

Алтын тілім, асыл тілім, ардағым!

Қас дұшпанға қарсы атылар айбыным,

Семсер тілім, серке тілім, саңлағым!

Азат болдың, еркіндікте қалықта,

Арда тілім, ажарыңнан айрылма!

Көк бөрінің ұрпағының қамы үшін

Еркін сөйлеп, шешен сөйлеп, қалықта!

Қазақ тілі мен әдебиет пәндерінен оқушыларға сабақ беретін ұстазбын. Отанымыздың ертеңі, оқушыларымызды еліміздің патриоты ретінде тәрбиелеу - біздің басты міндетіміз. Ұлтымыздың болашағы, бүгінгі оқушылар мен жастарымыз, ата дәстүріне лайық, туған жерін қастерлейтін, қарттарын сыйлап, өзінен кішілерге қамқорлық танытып өссе екен деген тәтті үмітім бар. Тәуелсіздік тұғырымыз баянды болсын, ағайын- жұрт! Ел тұтастығына қылау түспесін! Ынтымағымыз бен берекеміз кемімесін. Кең байтақ жеріміздің байлығын сақтайық, табиғатымызды таза ұстайық!

Гүлжан КОЙШИБАЕВА,

Тайынша қаласы № 4 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

*Ревакцинация

РЕВАКЦИНАЦИЯҒА «QAZVAC»

Қазақстанда ревакцинацияның басталғанына бір апта болды. Оны бірінші болып медициналық қызметкерлер алуда. Бұдан кейін педагогтар, күштік құрылымдар қызметкерлері ревакцинация жасатады. Осы уақыт аралығында облыс бойынша 1 268 адам ревакцинация жасатты. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы мәлімдегендей, оның дені медициналық қызметкерлер. Сонымен қатар, диспансерлік есепте тұрғандар мен медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметкерлері де ревакцинация алуда.



Ревакцинация мерзімі алғашқы вакцина алған кезге байланысты. Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысына сәйкес векторлық вакцина, яғни, «Спутник V» алғандар 9 айдан кейін, инактивтендірілген вакцина алғандар 6 айдан кейін қайта екпе алады. Бұл вакцинадан кейін ағзадағы антиденелер мөлшерінің біртіндеп азаюына байланысты.

– Егер антиденелер мөлшері азайса, ревакцинацияны мезгілінен бұрын жасатуға болады. Бірақ, оны дәлелдейтін құжаттар болуы қажет. Жалпы, COVID-19 аса қауіпті болғанымен, вакцинаға көнетін инфекцияларға жатады. Сол себепті де иммундау аса маңызды. Дегенмен, әлемдік медицина ғылымы вакцина беретін иммунитеттің күші белгілі бір мерзімнен кейін азаятынын көрсетті. Мәселен, векторлық вакцинадан кейін 9-12 ай, инактивтендірілген вакцинадан кейін 6 ай. Тіпті, ревакцинация жыл сайын қажет болуы да мүмкін. Дегенмен, медицина күн сайын дамып жатыр, зерттеулер жүргізілуде, – дейді алғашқы медико-санитарлық көмек орталығы директорының терапия бойынша орынбасары Светлана Витт. Маман ревакцина алатын медициналық қызметкерлердің тізімін даярлап жатқандарын жеткізді.

– Бүгін облыстық балалар клиникалық аурухананың 50 қызметкеріне ревакцинация жасадық. Басқа қызметкерлерінің ревакцинациясын жоспарладық. Одан бөлек, облыстық клиникалық аурухана, психикалық денсаулық орталығы қызметкерлеріне ревакцинация жасау жоспарда бар. Басқа медициналық мекемелермен де осындай жұмыстар жасалуда. Әзірге ревакцинацияны тек медициналық қызметкерлер жасатуда. Бірақ, біз орталыққа қарайтын мектептермен жұмыс жүргізіп жатырмыз. Онда біздің лицензияланған медициналық пункттеріміз бар. Педагогтарды сонда немесе осы орталықта ревакцинациялаймыз. Алғашқы вакцинация туралы мәліметтер республикалық вакцинация модулі бағдарламасында сақталған. Енді оған ревакцинация туралы үш тілдегі мәліметтер енгізілетін болады, – деді С.Витт. Елдің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес ревакцинация QazVac вакцинасымен жасалуда.

Жансая ОМАРБЕК,

«Ortalyk Qazagstan» газетінен, Ortalyk. kz

ЕЛБАСЫНЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ: ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ - ҰЛЫ ТҮРКІ ЕЛІНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

Тұңғыш Президент күні қарсаңында «Қазақстан тарихы» порталы Елбасының тәуелсіздік, ел мен жер, тарих, руханият, мәдениет туралы әр жылдары айтқан қанатты сөздерін оқырман назарына ұсынады.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың әрбір қанатты сөзінде, ойларында мән-мағына бар. Тәлім алар, тағылым боларлық құндылықтар жетерлік.

Бүгінгі өз келешегіне бет алған тәуелсіз Қазақстан – бұл біздің ортақ жетістігіміз, бұл біздің ортақ мақтанышымыз! Өз сөзімді аяқтай келе, мен бүкіл көпұлтты Қазақстан халқына отансүйгіштігі мен ел игілігі және еліміздің Тәуелсіздігі жолындағы жасампаздық еңбегі үшін алғысымды айтқым келеді.

Атырау мен Алтайдың арасындағы алып даланы жайлап жатқанда, мемлекеттің реттеуші тетіктері іске қосылмай тұрған кездің өзінде, ешқашан да, еш жерде де қазақта тайпа мен тайпа тұрмақ, ру мен ру соғысып көрмеген!

Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шыңдап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе, жастар, салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашан да достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаудың аулақ жүрсе деп тілейік.

Ордабасы биігінде бар қазақтың басын қосып, тірі қалу үшін ірі болу керектігін, ірі болу үшін бір болу керектігін ұрпақтан ұрпаққа ұқтырып кеткен үш ұлы биіміз – Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би – алдымен қазақтың бар баласының азаттықты мұрат тұтуын қамдаған.

Бабаларымыз өзгелердің төріне шығу үшін өзі де меймандарына қақ төрінен орын беріп, құрмет көрсеткен.

Қазақтар талай рет тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге деген құштарлық, азаттық аңсары еңсесі түскен елді қайыра түлетіп, қайтадан тәуекел тұғырына қондырып отырды.

Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Ендігі жерде бәріміз туған жеріміз біреу – ол жалпақ қазақ даласы.

Біз Ордабасыны бабаларымыздың бастамасымен баян тапқан берекелі бірліктің құт ұясы деп білеміз.

Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адамдар, шынында да, тарихтан тағылым ала алмайды.

Өткен заманды аңсау емес, өзіңе етене жақын өз тарихыңды қастерлеу қажет.

Тарихтың тағылымы біздің ел қамын ойлар естілікті тілейді.

Адамзат өркениеті – халықтар мен мемлекеттердің тарихи аренаға келуінің, гүлденуінің және одан кетуінің үздіксіз құбылысы.

«Көшпелілер мал жайып өткен жерінің бәрін өздерінің санай берген» дейтін сандырақты ғылыми тұрғыда әшкерелеу шарт.

Қазақтың өз төл тарихы, әдебиеті мен мәдениеті әлі талай ұрпақ үшін таусылмайтын қазына. Ұрпаққа өнеге болар өзіміздің хан-сұлтан, батыр-бағлан, би-шешен, ақын-жазушыларымыз қаншама. Еңдеше, біз неге әйтеуір киіз туырлықта дүниеге келді екен деп, есте жоқ ескі дәуірдің ерлерінің жыртасын

жыртамыз. Қайта, керісінше, бүгінгі ұрпаққа өз ата-бабамыздың өнегелі тарихын ұсынбаймыз ба?! Ұлттық тәрбиенің өзі осындайдан басталмаушы ма еді?!

Әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпестей ел жадында сақталатын тарихи тұлғалар болады. Қазақ халқының тарихындағы сондай киелі тұлғалардың бірі ғана емес, бірегейі – Абылай хан.

Біз аға ұрпақтың абыройлы істерін одан әрі жалғап, бізден кейінгі ұрпақ жаңылмай жүретін жол саламыз. Бұл жол – тәуелсіз Қазақстанымыздың гүлдену, өркендеу және даму жолы болады.

Тарихтың даңғыл жолынан Қазақстан да шет қалған жоқ. Оның ежелгі жерінде көптеген мемлекеттік құрылымдар өмір сүріп, олар да адамдар сияқты басынан балалық, жастық, кәмелеттік дәуірлерді өткізіп, құлдырау және күлден қайта бой көтеру дәуірлерін бастан кешірді.

Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат-қабат тарихының мазмұны – азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің байырғы скиф, ғұн, оғыз, сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі Желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар.

Жұртымыз халықтығына қатер, мемлекеттігіне қауіп төніп, айдарлысы құлға, тұлымдысы күңге айналғалы тұрған сын сағатта ағайын арасындағы бұрынғы өкпе-назды сыртқа ысырып тастап, намыс туын көтеріп, ардақ тұтқан азаматының төңірегіне топтаса білген. Арғы-бергі тарихымызда оған мысал көп.

Біздің ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келеді.

Орасан зор кең-байтақ аумақты қоныстанған көшпелілер Еуразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті.

Нақ осыны маңдайымызға жазған Тарих біздің ұрпаққа тәуелсіздік бастауында тұру құрметін беріп, туған Қазақстан үшін жауапкершілікке бөледі.

Қазақ халқының ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, мемлекетіміздің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес.

Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қауымдастықтағы беделінің өсуіне қызмет етуге парыздармыз. Біз тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба жолымен алдық деп ойлаймын.

Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның туын, елтаңбасын, әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы осы.

Қасиетті қазақ жері - ата-бабаларымыздың даңқты тарихын атының тұяғымен жазып кеткен жер.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ - ҰЛЫ ТҮРКІ ЕЛІНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күреспіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің; қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.

Qazaqstan tarixy portalы © e-history.kz

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТТИҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ КӨКІРЕГІМІЗГЕ САНАЛЫ ОЙ ҰЯЛАТАДЫ

Жазира Бимаханқызы: Мен Елбасымызды ерекше қадір тұтамын. Ол кісінің Елімізге жасаған еңбегі ұшан-теңіз. Ол кісі Қазақ халқының басына қонған бақ болды. Елімізде жұмыс істеп, еңбек етіп, табыс табамын деген адамдарға бәрі де бар. Тек жалқауланбай алға ұмтылу керек. Еңбектену керек. Біздің қазақтың жаман әдеті - жалқаулық немесе біреуден бір нәрсе күту. Біз жас мемлекетпіз. Біздің ең басты құндылық - ол ауызбіршілік. Елбасымыз әрқашан осыны айтады. Алла Елбасымызға ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық берсе екен деп тілеймін.

Ахметов Әлмұрат Жұматайұлы: Ұлт көшбасшысы, ел тұтастығын ойлаған ойшыл, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының еңбегі өлшеусіз. Қазақ халқы үшін туған ерен азамат! Қазіргі уақытта, тіпті, кейбір бауырлар үшін қатты ұялам. Себебі, Елбасымыз жайлы көргенсіздік танытып, әртүрлі жағымсыз сөздер айтып жатады. Халық басқарып, ел қамын ойлау өз алдына, өз отбасын ұстай алмайтындардың үйде отырып, аузына келгенін ғаламторға жария етіп отыратындарға сабыр берсін деп қана қоямын. Ұрпақ қамын ойлап, ел тыныштығына алаң болған, Нұрсұлтан Әбішұлына Алла ұзақ ғұмыр берсін!

Толтаева Гүлнара: Ия, Әруақытта осындай қазақ елінде өмір сүріп жатқанымызды мақтан тұтамын! Өскелең ұрпақ Елбасымыздың алға қойған мақсаттарын орындай алатын дәрежедегі азаматтар болсын! Елбасымыздың қанатты сөздері көкірегімізге саналы ой ұялатады. Мен өз елімнің патриоты екенімді сезінемін.

Макпал Муратқызы: Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Соғыс ешқашан болмасын! Болашақ ұрпақ аман болсын! Саналы болсын!

Шынарай: Мен тәуелсіздік құрдасымын, Мен осындай елде тұрып жатқаныма, ел басқарып отырған Елбасымыз барда бақытты ұрпақ екенімді мақтан етемін. Рахмет сізге! Осындай өнегелі, жас ұрпақтың бойына қанат бітіретін керемет қанатты сөздеріңіз үшін басымды иемін!

* * * * *

Бүгін даңқты қолбасшы, әскери қайраткер, жазушы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бауыржан Момышұлының туған күні. Назарларыңызға тілге жүйрік, сөзге шешен хас батырдың қанатты сөздерін ұсынамыз:

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі.

Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткің!

Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды. Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше,

шындықтың уын ішіп өлген артық!
Адамды бұзатын не? Тағы да сол – атақ, ақша, арақ.

Осы үшеуі. Төртіншісі әйел демеймін.

Алғашқы үшеуінің буына бөртіп, әйелдерді біз – еркектер бұзамыз.

Ана үшін аянба – ант ұрады. Бала үшін аянба – бетің күйеді

Ел үшін аянба – ерлігіңе сын, Жұрт үшін аянба – жігіттіңе сын.

Қайратты әдісіңе жолдас ет, Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.

Қырағының өзі де, көзі де батыр. Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет.

Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет ет.

Сабырлық алдында дұшпан сасады, Сабырсыздан береке қашады.

Сын – ерді шыңдайды, Қорқақты қинайды.

Ежелден ел тілегі – ер тілегі, Адал ұл ер боп тұса – ел тірегі.

Арпалысып жүріп алған абырой – өмірдің ең шырын рақаты.

Өмір үшін өлгенше күрес.

– Біздің жерімізде еркек діңгек, әйел гүл. Діңгек жапырақсыз, гүлсіз, қазақша айтқанда “қу бас” деген сөз. Әйел құнарлы топырақ, онда адамзат дәні өсіп, жетіледі. Біз сол дәннің жемісіміз. Әйелсіз адамзат “жемісі” ешқашан да болмайды.

Батырлық – табиғат сыйы емес, бұл патриоттық борышыңды орындау үшін өзіңді-өзің қауіпке қарсы саналы түрде зорлап көндірудің нәтижесі. Мұндайда адам өз достарымен тек игілікті ғана емес, сонымен бірге қатерді де бөлісе отырып, жауды жою арқылы өзін және отандастарын қауіпсіздендіруге тырысады. Өзінің азаматтық ары мен намысын ездідіктен, масқаралықтан қорғайды, өз бойындағы осындай асыл қасиеттерін ашып көрсете түседі.

ҚАРАСАЙ МЕН АҒЫНТАЙ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚОС БАТЫРЫ

Қазақтың қос батыры Қарасай мен Ағынтайдың ерліктері бізге тарихтан белгілі. Қайталанбас ержүректіктерімен танымал батырларымыз Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Мәдениет ауылының маңында жерленген. Қазақтың қос батырына арналып тұрғызылған кесененің 20 жылдығына орайластырып „Рухани жаңғыру“ бағдарламасы аясында мәдени іс-шара өткізілді. Тарихи құндылығы мен мазмұны терең мереке облыстық деңгейде өтті. Айыртау жеріне келген меймандар кесене төңірегінде өткен мәдени іс-шарада қазақтың ұлттық ойындарын тамашалады. Қазақша күрес, ат үстіндегі аударыспақ, көкпар ұйымдастырылды. Ән шырқалып, қазақтың қара домбырасынан күй шертілді. Бұл күні боз кілемде белдескен балуандар арасында тайыншалық Дәурен Илиясов болды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Б.Кәрібаевтың айтуынша, Бұл қос батыр XVII ғасырда Есім ханның ту астында жоғарыдағы жерлерді жаудан қорғаған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Есім ханның әскерін 18 жасар Қарасай бастаған, ал Арғын Ағынтай оның көмекшісі мен адал досы болған. Екі батыр қай шайқасқа болсын бірге аттанып, ел тыныштығы жолында тер мен қан төккен, деректерге сүйенсек 48 жылдың ішінде 200-ден астам жаугершілерге қарсы күреске қатысқан. Екеуі де Құлшынбай төбесіне жерленген. Жоңғар шайқасының ең үлкендерінің бірі 1635 жылғы соғыста жау қолына түсіп қалған Жәңгір сұлтанды Шапырашты Қарасай мен Арғын Ағынтай батырлар құтқарған. Араға жылдар салып 1643 жылы Батыр қонтайшы Жәңгір хан мен қос батырда кеткен еселерін қайтару мақсатында 50 мың қолымен қазақ даласына аяқ басады. Күтпеген жерден келген жауға қарсы қазақ жағынан небәрі 600 ғана әскер еді, бірақ сол 600-дың біреуінің өзі жүзге татитынтуғын. Міне, сол елді қорғау жаугершілікте ерен ерліктерімен



көзге түскен батырлардың бірі де бірегейі осы Қарасай мен Ағынтай батырлар еді, олар өздерінің еуропалық әдіс-тәсілде соғысуымен ерекшеленді. Жоңғар жапқыншылығының басқа да соғыстарында қос батыр әрқашан отан қорғау жолында алда жүріп, ескелең жас батырларға үлгі бола білді. Ағынтай батыр Қарасаймен 1644 жылы соңғы рет деп айтуға



болады, жоңғарлардың 2000-ға жуық әскеріне тойтарыс беріп, жеңісті қолдан бермеді. Аңыздарда Ағынтай батырдың алып күш иесі болғаны туралы жиі

кескіннің біріктірілген найзалары орнатылған. Шеңбер ортасында екі ұлы батырлардың кесенелері орнатылған, тағы бір айта кетерлігі олар Солтүстік



айтылады. Оның жұдырығы тиген жер сау қалмаған деседі. Содан да халық арасында жұдырығы қатты адамды «Ағынтай жұдырығы» деп кеткен. Қарасай мен Ағынтай батырлардың жерленген жерлеріне қойылған ескерткіштер туралы сөз қылсақ, 1999 жылы 15 қазанда батырларға арналып мемориалдық ескерткіш орнатылды. Биік төбе үстіне екі әскери түріндегі құрылыстар орнатылған, соның арасында мешіт жайғасқан. Және батырлардың басты қарулары найза тұр. Күмбездің айналасында көне заман жауынгерлерінің бірнеше жерлену орындары бар. Аталған кешен әсемделу жағынан көне түркі дәстүрінен хабар береді, қағандардың басқаруынан көрініс береді. Орталық есігі Меккеге бағытталған. Кірпіштен тұрғызылған қабырғамен қорғалған шеңберге кіру орны мен екі мұнарамен белгіленген және намаз оқу мен құрбан шалуға арналған кесенелер арасындағы алаңға апарады. Гранит тастан салынған іргетас үстіндегі алаң бұрыштарында батырлардың жауынгерлік айбынының белгісі ретінде қола қаптамасы бар металдан жасалған

Қазақстанға тән эллипсоидтық кескіндемелермен жасалған. Олардың алдында конус тәрізді шағын жоқтау мешіті бар, ол символды және сәулеті жағынан кесенелерді біріктіреді. Қарасай мен Ағынтай батырлардың құрметіне қойылған бұл мемориалдық кешен Солтүстік Қазақстан облысындағы басты тарихи-мәдени орындардың бірі болып есептеледі. Мерекелік іс – шарада көпшіліктің жүрегін тебіренітіп, көрермен қауымның көңілінен шыққан облыстық Сабит Мұқанов атындағы қазақ-сазды – драма театрының әртістерінің «Арқа шайқасы» сахналық қойылымы болды. Қарасай мен Ағынтай батырларымызға иман байлығын, тірілерге бірлік тілеген көпшілік ерекше көңілмен тойдан тарқап жатқанының куәсі болған бәріміздің де айтарымыз: - Еліміз аман, жұртымыз тыныштықта өмір сүрсін. Келешек ұрпаққа аманат етіп қалдырған еліміз «Мәңгілік ел» болып, батырларымыздың батырлығы мен батылдығы жас ұрпаққа үлгі болсын!

 Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «**Тайынша таңы**»

ДЕНСАУЛЫҚ – ЖАНЫМЫЗҒА АЛЛАДАН БЕРІЛЕТІН АЛАТАУДАЙ БАҚ!

Нұрлан қажы БАЙЖІГІТҰЛЫ, Дінтанушы, имам.

Адамдарға тез таралатын рух кеміргіш өсек пен өтірік тәрізді, мына аш көз індет жүйтіккен бойда әлемді әп-сәтте әдемілеп орап алып, төрткүл дүниенің төрінен орын алды. Адамзаттан ала алмай қалған өші бардай, жан-жағын жалмап, қарсы келгенді қармап, жолындағыны жайпап, әлдінің құтын қашырды, әлсіздің үнін өшірді. Әлі де арамсызға мысқыл уын шашқысы келеді. Дегенмен, бүгінгі әлемнің ойында не бар? Үрей мен үміттің арасында ма, қорқыныштың панасында ма әлде ертеңіне сенімді ме?

Адамзатпен арпалысқан бұл індет санамызды түбегейлі жүз сексенге бұрмағанымен, ағын суды тоқтатқандай, көбіміздің көп дүниемізге тосқауыл болғаны хақ. Көп асқанға бір тосқандай, кімнің болмасын екпінін бәсеңдетті, есін жиғызды, санасын састырды. Әу баста бұл тажалға көбісі мән бермеді, сене алмады, сенгісі келмеді, сенбеді. Халық себептерін сан-сақтан іздесе, ғалымдар жан-жақтан зерттеді, даналылар өткенді, сарапшылар кеткенді ақтарды. Шер атамның бір кем дүниесіндей, өмірдің жарқ-жүрқ еткен жарқын сәттерін қуалап жүргенде, басымыздағы бағымыз тажалдың тәжіне айналғанын аңғармай қалған сияқтымыз. Денсаулық – жанымызға Алладан берілетін Алатаудай бақ! Науқас адам сау адамның басынан тәж көргендей, деніміз сауда өмір жап-жарқын, ап-ашық, ғажап, керемет, арман, өлімнің өзі алыс көрінеді. Десек те, бұ тажалдың кешегі таяғын жеген біздер не түйдік?

Тарихта Мұса (ғ.с) пайғамбардың Алламен тілдескен ғибраттары ішінде «Адамға ауруды не үшін бердің?» деген сұрағына «Пендем Мені әлсін - әлсін есіне алсын деп бердім» атты жауабы бар. Кей бейбақтар әлі күнге кімге сеніп, неге сүйенетінін, қайдан келіп, қайда бара жатқанынан хабарсыз, білмейді, білгісі келмейді, ойсыз, қамсыз. «Түбінде бәрібір өлеміз» деген қағидамен санасын нүктелей салады. Негізінде, өзін жаратқан Жаратушыны, өзін өмірге әкелген ата-ананы, өзін ұмытқан адамның ақыры құрдым. Ал, «Ауру, кесел, дерт деген нелер, қайдан және қалай пайда болды, кім ойлап тапты, не үшін, қандай мақсатта?» деген сұрақтарға «Ағзаның өсіп-өну қабілетінің бұзылуынан» деген уикипедия анықтамасы жауап бола ала ма? Не болмаса ежелгі батыс медицинасы мен шығыстың ибн Синасы көмек бере алды ма? Әлбетте қай-қайсысы болмасын, материалистік тұрғыда сыртқы ортаның әсері немесе басқа дәйектер келтіруі мүмкін. Алайда ойланайықшы, Алла Тағала адамзатқа ауруды неліктен жібереді? Бұған ғасырлар бойғы ғылыми зерттеулер қажет емес. Себебі, жауабын Алланың Өзі «Пендем Мені әлсін-әлсін есіне алсын деп бердім» деп айтып тұр. Зерделесек, «әлсін-әлсін». Ал, біздер тым болмағанда анда-санда еске аламыз ба? Міне, біздің бірінші жіберіп алған тұсымыз осы!

Дерт – күнәміз бен қателігімізге жаза немесе тағдырға берілген сынақ. Өйткені, көзге көрінбейтін кез-келген кесел адамзатқа даналық пен түйсік әкелуші құбылыс. Мәселен, науқас нені ойлайды? Әрине, үш күндік өмірді, өткенін, бүгінін, ертеңін. Қандай іс жасадым, жасамадым дегендей, өкініш, сағыныш, күнә, сауап, ұрпақ. «Өліп қалсам не болады?» деген сұраққа жүрегі діріл қағады. Одан да Жаратушысына именіп, тәкаппарлығын сындырсын, шүкір етіп, тәубесіне келсін, қалғанын Алланың Өзі реттейді. Дерт тоқсан тоғыз десеңіз, оның тоқсан тоғыз емі бар. Онымен күресу құлшылық, емделу парыз. Дертке көңіл бөлмеу, бетімен жіберу, салғырт қарау, дерт кезінде қаралмау, айығуға ниеттенбеу, жанды дауаламау күнәнің ауыры. Міне, осылайша Алла Тағала пендесінің рухын жаңарту үшін, көлемі тозаңнан да ұсақ зәредей дертті төрт періштесімен жібереді. Ол төртеу

адамнан қуатты, реңді, тәбетті және күнәсін алып қояды. Егер, пенде жүрегіңдегі сеніммен емнің шипасын Алладан күтсе, үш періште қуатын, реңін, тәбетін қайырады. Ал, сабырмен тәубесіне келсе, күнәсі қайтарылмайды яғни кешіріледі. «Өзім жазыламын» деген өзіндік жалаң сенім құр әншейін бос сөз болып қалады әрі өтпеуі мүмкін, өйткені рухтың иесі Алла! Сондығынан болар, бабаларымыз науқас адамды күнәсіз санап бата алатыны. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз таң білінерде «Араларыңда науқастың көңілін сұраған жан бар ма?» деп, сахабаларына қайырылып отырған. Үш тарапқа бағыт алған адамның әрбір қадамына сауап жазылады, күнәлары кешіріледі

Өткеніміз отыз жыл, санай салатын отыз күн емес. Ал, осы отызда өзіміз не тындырдық? Кеше ғана төтеннен келген тосын індетке бір өзіміз қасқайып қарсы тұра алдық па? Менің ойымша, тәж-тажал сиқымызды сындырып тұрып көрсетті. Ала жаздай ән салып, той тойлап жүре берген екенбіз. Ең болмаса бір жапырақ бетпердені өзіміз шығаратын елден болмағанымызға өртсіз өртенуге болады. Өзгеден алып, өзімізге сатылған бөтеннің бетпердесі шынайы келбетімізді ашып берді. Өзгенің емес, өзіміздің отыз нәтижемізге өз көзімізді жеткізейікші, оған кешегі қайғылы күндер дәлел. Дерт өршігенде иіс дегенді сезбедік, дәм дегенді ұмыттық, ауруханалар толды, жете алмай талықсыдық, тыныстар тарылды, бір жұтым ауа, бір түйір дәріге тәуелді болдық. Бір орында үйлеген қойдай айналшықтап қалдық, тыпырлап іздене бердік, айқайлап жүріп таппадық, шуласақ та жеңбедік, әбіржіп қиналды, жылап шаршадық, соңында амалдың жоқтығын түсіндік. Ақырында еліміздің елеулі азаматтарын, көрікті көз моншақтарын, ғылымның жауһарларын, ілімнің гауһарларын, шаңырақтың қазыналарын, әркімнің сүйеніштерін қара жерге көміп тындық, өзегіміз өртенді, азалы күйде қалдық. Баршылықта таршылықпен, тоқшылықта жоқшылықпен өтеміз деп ойламады олар. Бір күнге бұл аз емес, алдағы толқын не дейді, оны бір Алла біледі?

Бас күректі жерге тіреп, ақтық сапардың үйін үйлейтін көрқауды жәй күндері менсінбейтіндер сол ауыр сәттерде оларды жер-көктен таппай қапы болды. Еліміздегі әрбір мешіттің имам-молдасы күллі мұсылман әлемімен бірге Отанымыздағы барша науқас жандардың дертінен айығуына жұма сайын дұға жасайды, бұған ұйған жамағат «Әумин!» деп алақан жаяды. Міне, сол имамдарды нұқып, молдаларды шұқитындар жақындарын жер қойнына жаназалап тапсыруға жабық мешіттерден бет сипатар адам таппай дал болды. Сырқаттана қалса, дәрігердің біліктісін іздейтіндер ине салдыру үшін, ешқашан көзіне ілмеген медбикелерге зар болды. Ғылым мен білімді ұмытқанмыз сонша, арамсыздағы азын-аулақ ғалымдарымызды теріп алып кеткенде, олардың барын біліп, қадірін түсіндік. Ал, бүгінгі зәруіміз не?

Сондықтан, кешегі қасіреттен аман қалып, айыққан біздер бүгінгі демімізге шүкір етіп, өмірімізге өзгеріс енгізейік. Ойын-сауыққа отыз жылымызды аямай беріп келдік, аз емес шығар ағайын? Алдағы толқыннан аман шығуға нық сенімде болайық. Ендігі жерде өрбіген ұрпағымызды иманның нәрімен суарайық, қадамын мешіт пен медреседен бастатайық, ғылым және білімге бағыттауық, еліміздің келешегіне даярлайық. Өйткені, олардың келешегін кешегі мұңлы күндер болжап берді. Шындап келгенде, біздің ел қашаннан иманға, бірлікке, татулыққа зәру. Ал, біз бір-бірімізге, ағайындылығымызға, болашақ ғалымға, дәрігерге, ұстазға зәруміз!

КОРОНАВИРУС ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУІПТІ

COVID-2019 жұқпасының белгілері басқа да респираторлық аурулардың белгілеріндей болуы мүмкін. Оның клиникалық белгілеріне мұрыннан су ағу, тамақтың ауруы, жөтел және дене қызуының көтерілуі жатады. Кейбір адамдарда ауыр түрде өтіп, пневмония мен тыныс алудың қиындауына әкелуі мүмкін. Сирек жағдайда ауру өлімге әкеледі. Бұл вирусты аурудың ауыр түрімен егде жастағы, сонымен қатар ағзасында басқа да патологиялары (мысалы, қант диабеті, жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары) бар адамдар ауыруы ықтимал.

МЕН ӨЗІМДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙ АЛАМЫН

- Аурудың таралуы туралы актуальды ақпаратты үнемі бақылаңыз;

- Қолдарыңызды үнемі сабынмен жуыңыз және құрамында спирт бар заттармен өңдеңіз *Не үшін? Егер қолдарыңызда вирус болса, бұл оны өлтіреді;

- Қоғамдық орындарда түшкіріп немесе жөтеліп жүрген адамдардан минимум 1 метр ара-қашықтықты сақтаңыз. COVID-2019 респираторлық жұқпамен ауыратын адам жөтелгенде немесе түшкіргенде вирус бар майда тамшыларды айналасына таратады. Егер Сіз науқас адамның жанында болсаңыз, онда вирусты сол ауаны жұту арқылы жұқтыруыңыз мүмкін;

- Қолдарыңызбен көздеріңізді, мұрныңызды және аузыңызды ұстамаңыз! Біз көптеген заттардың бетін қолдарымызбен ұстаймыз, онда вирус болуы әбден мүмкін. Содан кейін көзімізді, мұрнымызды және аузымызды ұстағанда қолымыздағы вирусты ағзамызға таратуымыз ықтимал;

- Дене қызуыңыз жоғары, жөтел және тыныс алудың нашарлауы болса, бірден медициналық көмек сұрап дәрігерге қаралыңыз. Аталған белгілер респираторлық жұқпаның, соның ішінде COVID-2019 вирусының әсерінен туындауы мүмкін. Ол сіздің соңғы сапарларыңызға және кіммен қарым-қатынаста болғаныңызға байланысты.

ӨЗІМДІ ҚОРҒАУ ҮШІН МАСКА ТАҒУЫМ МІНДЕТТІ МЕ....

Медициналық масканы кию кейбір респираторлық аурулардың таралуын шектеуге мүмкіндік береді. Бірақ оның өзі жұқпаға кепілді бөгет бола алмайды. Масканы киюді басқа да алдын алу шараларымен үйлестіру қажет. Яғни қол және тыныс алу мүшелерінің гигиенасы, өзара және басқа да адамдармен 1 метрден кем емес ара-қашықтықты сақтай отырып, тығыз қарым-қатынастан алшақ болу керек. Сонымен қатар сізде респираторлық жұқпаның белгілері (жөтел немесе мұрыннан су ағу) болса, айқын емес белгілердің аясында коронавирустық жұқпаға күдік туындаса немесе коронавирустық жұқпамен науқастанған адамды қарасаңыз, міндетті түрде масканы қолдану қажет. Егер науқас COVID-2019 жұқпасының жағдайлары тіркелген Қытай аймағына барып келсе немесе Қытайдан келген және респираторлық жұқпаның белгілері бар адаммен тығыз қарым-қатынаста болса, онда коронавирустық жұқпаға күдіктенген дұрыс.

БҰЛ ВИРУСТЫ КІМ ЖҰҚТЫРУЫ МҮМКІН.....

COVID-2019 коронавирусы тараған аймақтардың тұрғындары мен қонақтары бұл вирусты жұқтыруы мүмкін. Қазіргі уақытта бұл вирус жұқпаны жұқтырған адамдардың басым көпшілігі тіркелген Қытай территориясында тараған. Басқа мемлекеттерде ауруды жұқтырғандар жақын арада Қытайға барып келген адамдар, сонымен қатар олармен бірге тұратындар немесе жұмыс бабымен тығыз қарым-қатынаста болған адамдар, атап айтсақ, туысқандар мен қызметкерлер, сонымен бірге COVID-2019 жұқпасы анықталғанға дейін науқасқа көмек көрсеткен медициналық қызметкерлер арасында анықталып отыр.

ВИРУС ҚАЛАЙ ТАРАЙДЫ.....

Жаңа коронавирус респираторлық вирус болып табылады. Ол инфицирленген адаммен қарым-қатынаста болғанда, оның тыныс алу жолдарынан бөлінетін тамшылары, мысалы жөтелгенде, түшкіргенде, сілекей тамшылары немесе мұрын бөлінділері арқылы тарайды. Респираторлық гигиена ережелерін сақтау барлығына маңызды болып табылады. Түшкіргенде және жөтелгенде мұрын мен ауызды шынтықтың бүгілген жерімен немесе майлықпен жабу қажет. Содан кейін майлықты жабық контейнерге тастау керек. Сонымен қатар қолды үнемі сабынмен жуу немесе спиртті бар заттармен өңдеу де өте маңызды. COVID-2019 вирусының заттардың бетінде өмір сүру ұзақтығы әлі анықталмаған, бірақ алдын ала мәліметтер бойынша олардың тіршілік ету ұзақтығы бірнеше сағат болуы мүмкін. Вирусты өлтіру және олардың адамға жұғуына жол бермеу үшін қарапайым дезинфекциялаушы заттарды қолдануға болады.

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй. Тапсырыс 385. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫМЫЗ:

8 (715 36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.